



NOMAD

І П С У Р Г А П С Е

САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ

СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

Орындаған:
Қонрат Ажар «ҚМ-306»



«НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы 2004 жылдың қаңтарында құрылған.

Компанияның Акционері «НОМАД Иншуранс» СК АҚ акцияларының 100% иеленетін "НОМАД" Сақтандыру тобы" ЖШС болып табылады.

Компанияның Акционері болып «НОМАД Иншуранс» СК АҚ-ы 100 % акциясына иелік ететін, Мынбаев А. С. табылады.

Бүгінгі таңда Компания Қазақстанның 17 негізгі қаласында, 57 стационарлық және 1000-нан астам мобильді сату офистерінде орын тепкен. Қызметкерлер штаты 850 адамнан асады.

• «НОМАД ИНШУРАНС» СК»

АҚактивтерінің мөлшері 01.10.2015 жылға қарай жағдай бойынша 20 314 085 мың теңгені құрады;

- Меншік капитал 10 991 348 мың теңге;*
- Сақтандыру резервтері 7 948 494 мың теңге;*
- Жарғылық капиталдың мөлшері 3 785 000 мың теңгеге тең.*



«НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы жергілікті нарықта өзінің, сондай-ақ шетелдік Серіктестерінің тәуекелдерін қайта сақтандырады. Тәуекелдерді орналастыру әртараптандырылған және сақтандыру брокерлерінің қатысуымен жүзеге асырылады. Біздің қайта сақтандыру бойынша ең ірі серіктестеріміз Standard & Poor's жетекші халықаралық рейтинг агенттігі тарапынан жоғары қаржылық орнықтылық рейтингіне ие Компаниялар болып табылады:

- Munich Re, Германия. Рейтинг: «AA-»;
- ACE European Group Ltd. Рейтинг: «AA-»;
- Scor Perestrokhovaniye LLC Рейтинг: «A »;
- Polish Re, Польша. Рейтинг: «A-»;



2014 жылдың қаңтар айында А.М. Best Europe-Rating Services Limited Халықаралық рейтинг агенттігі (www.ambest.com) «НОМАД Иншуранс» СК АҚ «B-» деңгейінде сақтандырушының қаржылық орнықтылығы рейтингін және "bb-" эмитенттің несиелік рейтингін берді. Рейтинг бойынша болжам – «тұрақты».

Компанияның 6 міндетті және 17 ерікті сақтандыру кластары бойынша сақтандыру қызметін, сондай-ақ қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар (№2.1.38).



Номад сақтандыру компаниясының қызметтері:





КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ
МІНДЕТТІ АЗАМАТТЫҚ-
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



ҚЫЗМЕТІ ҮШІНШІ ТҮЛҒАЛАРҒА
ЗАЛАЛ КЕЛТІРУ ҚАУПІМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ НЫСАНДАР
ИЕГЕРЛЕРІНІҢ МАҚЖ



МҮНАЙ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН
САҚТАНДЫРУ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА



ЖҮКТЕРДІ ЕРІКТІ
САҚТАНДЫРУ



ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖДАУ
ТӘУЕКЕЛДЕРІН САҚТАНДЫРУ.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

«НОМАД Иншуранс» СК АҚ Сақтандыру тобының құрамына кіреді, оған сондай-ақ мыналар кіреді:

- «Номад» Сақтандыру тобы» ЖШС Сақтандыру Холдингі*
- «НОМАД LIFE» Өмірді сақтандыру жөніндегі компаниясы» АҚ.*



Компанияның даму тарихы

2004

- Компанияның құрылуы (Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №60300-1910-АҚ);
- Компания Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының құрамына кірді;
- Қыркүйек айында Компания «Қазақстанның Қаржыгерлер Қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігінің мүшесі болды.

2006

- Қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқына лицензия алынған ПД 38-1/1, 2006 жылғы 12 маусымда берілген.

2008

- Мүліктік тәуекелдерді облигаторлық қайта сақтандыру шарты жасалды (автокөлік құралын ерікті сақтандыруды қоса);
- Компания сертификациялық аудиттен өтті және ИСО 9001-2000 сертификатын алды.

2009

- Компания алған ИСО 9001-2008 сертификатын растады;
- Качалов и К ресейлік компаниясымен маркетингтік зерттеулер саласындағы ынтымақтастық .

2010	<ul style="list-style-type: none"> · 2009 жылдың қорытындылары бойынша Компания «Жыл таңдауы – Жыл адамы» Ұлттық сыйлықтың «Көрсетілген қызметтердің жоғары сапасы үшін» номинациясында «Бизнес Гран-при» сыйлығымен марапатталған; · А.И. Қамысова Басқарма Төрағасы лауазымынан босатылды және Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланды; · Р.Ф.Ахматьянов Басқарма Төрағасының Орынбасары лауазымынан босатылды және «НОМАД Иншуранс» СК АҚ Басқарма Төрағасы болып сайланды;
2011	<ul style="list-style-type: none"> · ҚҚА 01.03.2011 ж. мәліметтері бойынша «НОМАД Иншуранс» СК авто АҚЖМ сыйақыларын жинау бойынша көшбасшы болды; · Компанияға "B-" халықаралық шкаласы бойынша Fitch қаржылық тұрақтылық рейтингі және "BB-(kaz)" ұлттық шкаласы бойынша қаржылық тұрақтылық рейтингі берілді; · "НОМАД Иншуранс" СК Алматыда 2011 жылғы 7-ші Қысқы Азия ойындарының қатысушыларын сақтандыруға қатысқан. Шамамен 4700 адам сақтандырылған: жарақат алу тәуекелінен сақтанған
2012	<ul style="list-style-type: none"> · ҚҚА 01.01.2013 ж. мәліметтері бойынша «НОМАД Иншуранс» СК авто АҚЖМ сыйақыларын жинау бойынша көшбасшы болды; · Компанияға "B" халықаралық шкаласы бойынша Fitch қаржылық тұрақтылық рейтингі және "BB(kaz)" ұлттық шкаласы бойынша қаржылық тұрақтылық рейтингі берілді; · «НОМАД Иншуранс» European Business Association of Kazakhstan (ҚР Еуропалық Бизнес Қауымдастығы ЕВРОБАК) құрамына кірді; · Компания American Chamber of Commerce in Kazakhstan (Американдық Сауда Палатасы) құрамына кірді; · Апаттық комиссарлар қызметінің құрамы толықтырылды; · Жеке тұлғаларға арналған бірқатар өнімдер әзірленді: «Менің жеке дәрігерім» және «МАИ қатысынсыз өзара шешу». · Компанияда CRM электронды құжат айналымы жүйесі іске қосылды.


2013

- **«Жыл таңдауы» фестивалында «Оперативті сақтандыру төлемдері» номинациясында марапат алды.**

2014

- **«Тұтынушылардың Ұлттық Лигасы» Қауымдастығы «НОМАД Иншуранс» компаниясына «МІНСІЗ» деңгейінде көрсетілген қызметтердің сапасын растайтын куәлікті тапсырды.**
- **ҚҚК 2014 ж. шілде айындағы мәліметтері бойынша «НОМАД Иншуранс» АҚЖМ сыйақыларын жинау бойынша бірінші орынды алды;**
- **ҚҚК 2014 ж. шілде айындағы мәліметтері бойынша «НОМАД Иншуранс» ҚР жалпы сақтандыру бойынша компаниялардың арасында жалпы рейтингте үшінші орынды алды.**

ДОЛИ КОМПАНИЙ В СТРАХОВОМ РЫНКЕ КАЗАХСТАНА



Компанияның бәсекелестік артықшылықтары:

- Аумақтық өтеу – бүкіл Қазақстан бойынша 17 аймақтық бөлімшелер, агенттік желіде 1782 адам жұмыс істейді;
- Компанияның қызметінің қол жетімділігі – кеңес алу, агентті шақыру, Компанияның www.icn.kz сайтының мүмкіндігін пайдалана отырып, сақтандыру полисіне тапсырыс беру немесе www.nomadpolis.kz Интернет-дүкенінде «онлайн» режимінде полисті есептеу және сатып алу мүмкіндігі.
- Шығындарды реттеу кезінде жоғары жеделділікті қамтамасыз ету – Компания өзінің корпоративтік саясатында барлық құжаттарды уақытында қарастыруды және зардап шегушілерге сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз ете отырып, сақтандыру жағдайларын реттеудің жылдамдығы мен сапасына баса көңіл бөледі;
- Оңтайлы тарифтік мөлшерлеме және бағасы, Сіздің тәуекелдерді біздің Компанияда орналастыру Сізге баға/сапа оңтайлы үйлесімін алуда артықшылықты береді;
- Клиенттердің қажеттіліктерінің өзгеруіне бағдар алу – Компания Клиенттердің қажеттіліктері мен артықшылықтарын жүйелі зерттеуді жүргізеді. Алынған деректердің негізінде жаңа өнімдер әзірленеді, қолданыстағылар жетілдіріледі;
- Сақтандыру саласында көп жылдық тәжірибеге ие команданың кәсіпқойлылығы;
- Қосымша тегін қызметтер – сақтандыру шартын жасау кезінде және сақтандыру жағдайы басталған кезде мүлікті бағалау бойынша қызметтер.